

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 1 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/NIUS7438>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Абибулаева А. Б.

д.п.н., профессор

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Беларусь)

Кудышева А. А.,

к.п.н., ассоц. профессор

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 14.01.07

<https://doi.org/10.48081/MTKA6953>**Е. Н. Дауенов¹, И. А. Комарова²**¹Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

²А. А. Кулешов атындағы Могилев мемлекеттік университеті,

Беларусь Республикасы, Могилев қ.

АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАДИГМАНЫҢ БІЛІМ КЕҢІСТІГІНДЕ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының жаһандық білім беру кеңістігіне қошуі, жаһандану мүддесінде өзінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын мемлекеттік құзыретпен және педагогикалық білім берудің аксиологиялық негіздері мен оның этнопсихологиялық ерекшеліктері арасындағы қайшылықтар мен сәйкессіздіктер анықталды. Зерттеу барысында философиялық білімнің аксиологиялық парадигмасы мәселесін жоғары этикалық және адамгершілік бағыттар, бұрынғы дәстүр бойынша тәрбиелеу арқылы шешуге болмайтындығы анықталды. Педагогикалық білім беру кеңістігінде өркендеп келе жатқан әлемдік ғылыми жетістіктердегі аксиологияның негізін іздеуде қоғамдағы екінші қазақстандық мәдени дәстүрлердің өзіне тән ерекшеліктерін қалай ескеру керектігіне назар аудару керек. Автор отандық және кеңес әдебиетіне практикалық талдау жүргізді, ғалымдардың еңбектерін қарастырды, бұл жұмыста қазақстандық мәдени дәстүрлердің өзіндік, ұлттық ерекшеліктері ескеріледі. 21 ғасырдың басындағы жаңа философиялық дүниетаныммен зерделенген тарихи-мәдени және қазіргі заманғы ғылыми еңбектер матрицаларда көрсетілген Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесіне қатысты Л. С. Выготскийдің, А. Н. Леонтьевтің, Р. С. Немовтың, С. Л. Рубенштейннің, Ж. Аймауытовтың, М. Жұмабаевтың рухани құндылықтары таксономияны құру үшін негіз болып табылатынын, функционалдық сауаттылықтың генезисі айқындалғанын, оның семиотика, семантика, синтаксис модульдерін қалыптастырудың қозғаушы күші болып табылатыны дәлелденгенін көрсетеді. Мақалада рухани құндылықтарды білім беру мазмұнынан саралау кезінде

проблемалық, модульдік, кәсіби бағытталған технологиялар бірлігінде нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі қарастырылған.

Кілтті сөздер: аксиологиялық парадигма, әдістеме, құндылық, рухы жоғары тұлға, дүниетаным, өркендеу.

Кіріспе

20 ғасырдың соңғы кезеңінде Қазақстан Республикасының педагогикалық білімнің жалпы жағдайында бір мәмлеге келмейтін үдерістер жиі-жиі көрініс беріп келеді. Оның басты салдары – әлеуметтік-экономикалық, саяси мәселелердің бұрынғы шешілу үдерістерінің дағдарысқа ұрынып, алдыңғы білім беру кеңістігіндегі құндылықтардың-аксиологиялардың қажеттілікке жарамай қалуымен байланысты болған. Байырғы, таптауырын педагогикалық білім идеясының белгісіздікке ұшырауы, мемлекеттің тарапынан материалдық базамен қамтамасыз ету мәнінің мүлдем инновациялық технологиямен жабдықталуы секілді радикалды өзгерістер білім кеңістігінде қызмет атқарып жүрген мамандардың шарасыздығын тудырды.

Бұрынғы дағдыға айналған дәстүрдегі құндылықтың орнына әлі түсініксіз, әртарапқа бағдарланған мұғалімдердің тағылымға жүгінбеген консервативті жалаң тәжірибесі арасында келіспеушілік, ғылыми әдіснамадан туындамаған негізсіз ой-пікірлер белең алып отырғаны қазіргі кезде белгілі болып отыр. Отандық білімнің аксиологиясын анықтау мамандардың даярлығын ұйымдастыру арқылы шешілмек 20 ғасырдың орта шенінен бастап, соқпақ жолмен жұмыс жүргізу мүмкіндігінің жоқтығын сезінген білім кеңістігінде аксиология жайлы бірлі-жарым көріністер пайда бола бастауы.

Ұстаздық мәртебені игерудегі өткізілетін диагностика иерархиясы гимназия, мамандырылған дарынды балаларға арналған мектептер, лицей, жеке меншіктегі және т.б. түрлі-түрлі сападағы мектептердегі қызмет атқарушылардың кәсіби құзыретін арттыруға бағдар жасауы қиындық келтіреді. Бұндай түйіні шиеленіскен көкейкесті мәселелерді шешудің өзі күні бүгінге дейін жалғасып келеді [1].

Қазақстан Республикасының ғаламдық білім кеңістігіне өтуі, өзінің әлеуметтік-экономикалық жағдайының мемлекеттік құзырымен жаһанданудың мүддесімен унификациялау педагогикалық білім беру мен оны игерудегі аксиологиялық негіздегі парадигмамен алу қажеттігі мен оның этнопсихологиялық ерекшелігін ескеру арасында кереғар қайшылықтар айқындала түсті.

Бұл жағдайда, аксиологиялық проблеманы шешуде тарихи желіге бағаммен қарап, этнобілім мен ойлау өнерінің құндылығы жайлы өз еңбектерімен антропологиялық-ізгілікті парадигмасын «Асыл қазына» тұрғысында қалдырған

кемелді тұлғалар, даналардың қазіргі білім мен ғылымға қосар үлесі зор. Десек те, ол құндылықтардың өзі білім алушылардың санасына түпнұсқа тұрғысында қабылдануы қиындық келтіруде. Өйткені, білімді түсіну «рухы биік тұлға» келбетінде меңгерілуі қадағалануымен іске аспақ. Жаңа Қазақстанға жаңа тұлғаны лайықтап даярлау басымды мәселе ретінде қарастырылуы көзделеді.

Мұндай парадигмалық ұстаным кең ауқымда білім философиясын қайтадан қалап, қоғамдағы білімді жаңғырту тұжырымдарына аксиологиялық парадигмаға ешқандай ескіні жамау, жаңғырту үдерістері көмек көрсетпейтіні біздердің зерттеулерімізде анықталды. Философиялық білімнің аксиологиялық парадигмасының мәселесін жоғары этикалық және гумандық бағыттар, бұрынғы дәстүрдегі тәрбие-тәлімдер шеше алмайтыны зерттеу барысында анықталды. Аксиологияның негізін педагогикалық білім кеңістігінде өркендеткен әлемдік ғылыми жетістіктерден іздестірсек, екінші қазақстандық мәдени-дәстүрлердің қоғамдағы орныққан өзіне тән ерекшеліктерін қалай ескеру керектігіне мән берілуі тиіс. Бір-біріне сәйкестейтін екі тараптағы мәселелердің арасындағы қиындық келер тұстарын қалай шешіледі деген салмақты сауалға жауап табу да шеберлікті қажет етеді.

Жоғарыдағы сараланған қайшылықтарды шешу үдерісін тұғырлы іске асыруда 21 ғасырдың басында Қазақстан Республикасында рухани құндылыққа жаңа философиялық-педагогикалық жүйедегі дүниетанымды қалай өркендету керек? – деген мәселелік сауал туындады. Аталып отырған көкейкесті мәселені нұсқалы шешудің амалдарын қарастыру көзделді.

Зерттеудің мақсаты: педагогикалық білім беру жүйесінде аксиологиялық парадигманың көрініс беруі және оның Қазақстан Республикасында 21 ғасырдың басында дамуына әдіснамалық негіздеме жасау.

Зерттеудің міндеттері:

- 1) Зерттеудің тағылымдық-әдіснамалық негіздерін зерделеу;
- 2) Зерттеу мазмұнының хронологиялық, кезеңдік жағдайын ашу, «рухани тұлға» келбетін тағылымдық маңызын анықтау;
- 3) Отандық зерттеушілердің білімигертуші мен білімалушы арасындағы ұйымдасқан жұмыстың құндылығын айқындау;
- 4) Таптаурын санаға бекіп қалған құнсыз ой-тұжырымдарды ысыру амалдарын зерттеген ғалымдардың тұжырымдарын сұрыптау, оған бағамдық рефлексия жасау;

Материалдар мен әдістер

Зерттеуде келедей әдістер қолданылды: әдіснаманы тағылымдық талдауы, философиялық білім, психологиялық тарихи әдебиеттерді, нұсқалы-генетикалық әдіс; жүйе тұтастығын сақтау әдісі, жүйелеу, фактілерді жинақтау, құжаттармен

жұмыс, әдеби көздерді саралау, жобалау, үлгілеу, матрицаға салу, педагогикалық тәжірибені прагматикалық іскерлікпен байланыстыру әдісі, бағамдау әдістері.

Нәтижелер және талқылау

Р. С. Немов психология ғылымының білімалушыға әсерінің мол екендігін айқындаған. Сезім мүшелерінің жүйке жүйесіне ықпал жасауы, тұлғаның зейін қоюы, ойлау үдерісінде басқа кеністікке ауып кетпеуі, рефлексия жасаудың қажеттілігі, ішкі білім жию қабілеттілігі, өзінің психологиялық қабылдау үдерісін басқара алуы секілді көкейкесті мәселелерді игеруіне айрықша дәлелді тұжырымдар құрған.

Білімалушыға өмір сүру характеріне қызмет етер білім мен тәрбиенің тұтас жүйесін қамтып, қажетсіну уәжін оятарлық оқу материалын әзірлеу сияқты үдерістік қызметтің субъектілік тұстарын ескеру оны алға ілгерілету тәсілдеріне маңыз берген [2].

С. Л. Рубинштейн жалпы психологияның негіздеріне ерік-жігер, күш-қуат, басқару, тән мен жанның өрлеу амалдарын меңгеру, сана-сезімнің пайдалы және зиянды тұстарына ғылыми дәйектемелер жасаған. Білімалушының мүмкіндік шегін анықтап, соған сәйкес жүктеме жасаудың мәнін айқындаған. Біліммен тәрбиелеудің мөлшерін нақтылы межемен меңгертудің амал-тәсілдерін ұсынған [3].

Ж. Аймауытов еңбегінде «жұлма жад» пен «пәлсапалық жад», «саңылау сезімдер», «соқыр сезімдер» тәрізді жұптық, қайшылықта келер психологиялық ұғымдардың балалар санасында орнығып, оның пайдалы тұстары ескерілмесе, жаттампаздық, бойкүйездік, тоғытарлық, көреалмаушылық, іштарлық, қызғаншақтық, еліктеушілік, сарандық, ашкөзділік, жемқорлық, паракорлық және т.б. қоғамға зиян келтірерлік қасиеттердің басымдықта болуына дәйектеме жасаған. Гумандық, білімге тойымсыздық, адамгершілігі жоғары, мейірімділік, ұстамдылық, алғырлық, өзінің осал тұстарымен күресе аларлық, басқаларға қамқорлық жасау секілді асыл қасиеттердің білім мен тәлімнің интеграциясында келетініне маңыз берген. Сонау 20 ғасырдың 20 жылдарында ағылшынша, орысша, шотландша, түркі тілдерінің барлық түрлерінше, қазақша сөйлеудің ғылыми, ресми, мәдени, тұрмыстық нұсқаларын меңгерген Ж. Аймауытов Джеймстің «Психологиясын» қазақ халқының ұлттық ерекшелігіне үндестіре бейімдеп аударған [4]. Бұл орайда, зерттеуші «индукция», «дедукция», «силлогизм», «синтез», «аналогын табу», «феноменін айқындау», «перцептив», «апперепсе» және т.б. ұғымдарды балалардың физио-психологиялық жас ерекшеліктеріне байланысты меңгерулері тұрғысында зерделегені бүгінгі 21 ғасырдың да құндылығы демекпіз.

М. Жұмабаев баланың абайлы болуын қымбатты құндылық деп есептеген. Балаға мұғалім тарапынан әсер неғұрлым күшті болса, оның абайлы болуы

соғурлым нығая түсетініне мән берген. Әсердің жеке мүмкіндіктерге сәйкес болуына ерекше тоқталған. Әсердің түрлері көейіп кетсе, баланың болуы сөйіле түседі деп түйіндеген. Әр нәрсенің терісқақ-тұстарының бар екендігін ескерген. М. Жұмабаев баланың абайлы болмау салдарын жіктегені де бүгінгі классификатордан кем емес: баланың денесінің шаршауы қатты шаршаған адамда абай болу үдерісі жұмыс істемейтіні; ауаның тым бұзылуы, отырудан қажуы; ешбір қимылсыз қалған балада абай рефлексиясының жойылуы; бір іспен ұзақ уақыт шұғылданғанда абай болмауы; баланың бейғамдығынан абай болмайды [5].

Қорытындысында, зерттеуші абайдың көп мөлшерде болуы данышпандыққа апараты, өйткені абайдың ұдайы өркендей түсуі ол адамның терең, толық білімді болуына себепші, нәтижесінде ол данышпанды ерікті абай қасиеті орнығады деп ой-тұжырым жасаған.

Біздер «суггетивті» ұғымын Гештальт теориясымен деп түсіндіріп келсек, М. Жұмабаев оны «Суреттеу» категориясымен келтірген. Көрініс жоғалғанымен, оның әсерленуі, бейнесі зейінді балалардың, үлкендердің санасында «жазылып» қалатынына тоқталған. М. Жұмабаевтың суреттеу мен әсерлену арасындағы айырманы төмендегі матрица құру арқылы ұсынып отырмыз (1-сурет).


Индикаторы:

Әсерленуде жан қуаты, дене қуаты қатынасады									
Суреттеуде тек жан ғана қатысады									
Суреттеудің ассоциацияға жіктелуі									
Жақындық ассоциациясы	Ұқастық ассоциациясы	Қарсылықты ассоциациясы	Естуі зейінді болу үдерісі	Көру кіндігінің өткірлігі	Есту кіндігінің қарымы	Өмір сүру мақсатындағы естің керектігі	Есті ұдайы	Әсердің күштілігі	Сыртқы сезімдердің қатынасы

Сурет 1 – М. Жұмабаевтың суреттеу үдерісінің ассоциацияғы жіктелуі

«Тәрбиеші» мен «мұғалім» кәсібіне М. Жұмабаев ұсталық шеберлігін өркендете алмаса, баланы меңгерген білімін өмір сүру үдерісіне тиімді қолдана алмайды деген уәж айтады.

Ойлауды өркендетудің жолдарын үш түрлі сынайда жіктеп береді, оны біздер төмендегі 2-суретке салып, ұсынып отырмыз.



Сурет 2 – Ой үдерісін өркендетуі

Ойлау үдерісін өркендету 2-суреттегі үш жолдары білімалушының жан қуатын өркендетуінің іргетасы екендігін бүгінгі модернизация кеңістігінде ең қажетті амал мен тәсіл, жол демекпіз.

Л. С. Выготскийдің еңбегін бағалауда шетел зерттеушілері әртарапты пікірлер білдіріп, балалардың психологиясымен зерделеуді қолдамай, түпнұсқа ғылыми жұмысындағы құндылықтарға зер салмағаны өкінішті [6].

Жалпы «баланың ішкі өзгерісінің сыртқа нышан бермеуі» деген көкейкесті мәселені шешудегі ғылымға енгізген рухани құндылықтары төмендегідей:

1) бүгінгі тілмен айтсақ, баланың ішкі өзгерістерінің шама-шарқын асуы жас ерекшеліктеріне байланысты екендігін секірмелі тұрғыда деп дәлелдегені; оның 5 түрін бөліп көрсетеді: жаңа туған баланың дағдарысы, бір жасқа келгендегі дағдарысы, 3 жасқа, 7 жасқа және 13 жасқа келгендегі дағдарыстары;

2) әрбір жана дүниеге келген сәбидің арнайы әлеуметтік жағдайының дамуына тәуелділігі, бұл баланың әлеуметтік шынайылығы «дамудың негізгі көзі» деп қабылдаудың мәнділігі;

3) баланың жетілген, танымы талапқа сай өркендеген сыртқы белгісіне карап анықтау басымдықта болып, оның ішкі жағдайының ескерілмейтінін дәлелдеуі;

4) ұдайы жетекке үйренген, ұжымдық жұмысқа бойұрған баланың интеллектуалды операцияларды дербес, өздігінен орындай алмаушылығын анықтағаны;

5) еліктеушіліктің де мінді құлыққа жататынына дәйекті дәлелдер түзгені;

6) бүгінгі «дамымалы оқыту жүйесі» деген ұғымның түп төркіні Л. С. Выготскийдің ғылыми-психологиялық ынтымақтастық педагогикасының негізін қалағандығы;

7) «Интегральды тұлға құрылымы» ұғымының мәні неде? – деген диалектикалық сауалға жауапты зерттеуші былай құрғаны: «тұлға» туралы ой-бағамы – балалардың ең жоғары функцияларды орындай алу шеберлігі. Аталып отырған функциялардың тұлға болмысына ауып отыруы, әлеуметтік тәртіпке интериоризациялық қатынастың көріністері әрбір жеке тұлғаның тек сол болмысқа қатысты жеке мүмкіндігінің ескерілуін қадағалау өнері;

8) «Нақты адам психологиясы» деп аталатын еңбегінде Выготский тұлға болмысына диалектикалық идеялардың, ішкі ойлардың бір-бірімен күрес-қайшылығы, динамикасының әртарапқа шашырауы, психикалық жағдайдың ұдайы ауспалылығы, функция мен ішкі түйсіктің өзгерітілімділігі адамның драмаға, трагедияға, коллизияға ұрынуының алғышарттары деп саралауы;


9) Выготский Дж. Брунердің «таңбалар әлемі» концепциясына талдау жасау барысында оны танымдық үдерісті-интериоризацияның бір бөлігі деп қарастырғаны айрықша құндылық. Тұлғалқы болмысты сомдауда ұғымдардың, мазмұн жүйесі өрістерінің ілгерілеуінің, қажеттілікті айқындай алуының, эмоциясын басқаруын, іс-әрекетіне ие болуын, ойлау динамикасының өрлеуін тиімді тұрғыда іске асыру көкейкестілігіне екпін жасағаны.

Көріп отырғанымыздай, Л. С. Выготскийдің аталып отырған 12 рухани-психологиялық құндылықтары аксиологиялық парадигмамен бағалауға тұрарлық тұжырымдар деуге негіз бар. Сараланып, трансформациямен берілген бұл құндылықтар тек 21 ғасырдың ғана емес болашақ ғасырларға да қызмет ететіні айдан анық.

Қоғамдық өзгерістер жаңа жүйе әкеліп, психикалық функцияның жаңа жиынтығы индивидтің жай-күйіне әсер етіп, ішкі көріністе айрықша, бұрын таныс емес заңдылықтар, өзара байланысты байламдар, оқысынан пайда болған түрлер сабақтастығы мен қозғалыстар туындайды. Осындай психикалық бірегейлік тәртіпке (идентичность) Л. С. Выготскийдің бірегейліктегі тұлғаның интеллектісі мен аффектісінің бірліктегі, интеграциядағы тұрпаты бүгінгі 21 ғасырдағы Қазақстан Республикасының білім жүйесіне айрықша құндылық, бұған білімберуші мен білімалушының жаңа философиялық дүниетанымы қызмет көрсетсе, онда аксиологиялық парадигманың өрістері өркен жаяры сөзсіз.

Л. С. Выготский ілімінде жоғары жүйке жүйесінің барлық функциясының жұмыс жүргізу үдерістерін ұдайы көкейкесті мәселе ретінде қарау отбасынан басталады деген тұжырымы бүгінгі модернизация кеңістігінде проблемалары [7]. Бұл орайда, зерттеушісәбилік дәуірден бастап баланың көретінді көрмейтінді,

естітінді естімейтіні сияқты кемқор, жарымжан болып өспеуіне алдын-ала қам жасауды ұсынған. Мұнымен бірге әрбір сараланған жоғары жүйке жүйесінің тұтастық қағида негізіне жүгінген тұстарын қадағалау, бақылау қажеттігі дәлелденген. Нәтижесінде, функцияаралық байланыстардың әрбір дербес қызмет түрлерінің жеке іс-әрекетін анықтаудың мәніне де зердемен қараған. Біздер Л. С. Выготскийдің дүниетанымдық тұжырымдарын аксиологиялық парадигма талабымен бағамдай келе төмендегідей матрицаны құруды жөн көрдік (3-сурет).



Сурет 3 – Л. С. Выготский еңбегіндегі ой-тұжырымдарының парадигмасы

Ж. И. Намазбаева [8], Л. Божович [9] еңбегіндегі білімалушының тәртібіне мінездемені беру барысында білімалушының ішкі пайымына түйісетіндей іс-әрекетті саралауды ұсынғанына көңіл бөлген. Техникалық өрлеу деңгейін тұлғалыққа бағдарлауды іске асыратын тұтастық құрылым қалыптастыруға бағам жасағанына зерттеуші екпін жасаған. Л. Божовичтің тұлғалық құрылымын тұтастық бағамда алуын анықтау және оның бағытын соған лайықтауына басымдық бергеніне зерттеуші дәйектеме келтірген.

Білім игеруші субъектінің тәртібін тұрақшылық негізде бағдарлау мәселесін шешу жайлы тұжырым жасаған шетел ғалымы Г. Олпорт [10] еңбегіндегі сыртқы ситуацияларға тәуелсіз болу еріктілігінің көкейкесті деуіне зерттеуші Ж. И. Намазбаева айрықша мән берген. Бұл проблема 21 ғасырдың жан айғағы деп бағалаған.

Автор, бұл орайда, тәрбиелеу үдерісіндегі психологиялық хал-ахуалдың саналы, жүйелі, тұтасты мөнде жүргізілуіне әрбір тұлғаның табиғи қабілеттілігі мен студенттер тобының ерекшеліктеріне есеп жүргізіп (бақылау, байқау) әртарапты іс-шаралар жүргізуді ұсынған. Тәрбиені психологиялық ғылым негізінде ұйымдастырудың амалдарын саралап, оған жүйелі түрде мониторинг өткізу нәтижеге кепілдік береді деп дәлелдейді. Жалпыадамзаттық құндылықтардың қызметі ұлттық мәдениет сыңайында құрылуы, оның ішінде, ұлт тарихы, ұлттық дәстүр, салт сияқты рухани қуат көздері деген тұжырымы-аксиологиялық парадигмаға бағыт берер түйіндеме. Басқа зерттеушілердей, қазақстандық психолог-ғалым Ж. И. Намазбаева Л. С. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясының аталған мәселені шешуге айрықша көмегінің бар екеніне мән берген. Егер аталған теорияны тиімді пайдалансақ, онда «адам – табиғат», «адам – қоғам», «адам – құдырет», «адам – мәдениет» сықылды психикалық өрлеу динамикасының заңдылықтары аталған тұжырымдамалық мәнін ақтар еді дегені бүгінгі 21 ғасырдың жастарына қажетті қадам. Дәстүрлі тәлімгерлік қызметте аталған екі қатынас заңдылығы жиі-жиі қарастырылып келді. Ал үшінші және төртіншісі өте сирек назарға ілікті. Олай болса, адам өз қабілетін өркендете ала ма? Оның өмір сүру қарымы белгілі бір мәдени түрде ілгері жылжи ма? Адам өзін белгілі мәдени кеңістікте өзінің құндылық екенін түсіне ме? Міне, біздің жастардың көпшілігі өзінің дарынды келбеттерін байқай алмай қалу себептері де осы екендігіне жол ашып берген Ж. И. Намазбаева – Л. С. Выготский әрбір адам әлеммен қарыс-қатынасқа түсуі міндет, сонда ғана онда мәдени-құндылықтар тұлғалық болмысын сомдайды деп ой қорытқан.

Қорытынды

Қорыта келгенде Ж. И. Намазбаева мәдени, тарихи сана феноменінің ғылыми бағамдық қызығушылығы сана феноменінің ең қажеттілігіне айналғанда ғана тұлғасы этникалық, ұлттық сана арқылы қалыптасып өркендеуіне тұғырлы дәлел келтірген.

Болашақ өмірдің жастары әлеуметтік-психологиялық өзара бір-бірімен байланыс құрып, оған халықтық, ұлттық құндылықтарға құрметпен қарауының маңызы сараланған. Әртүрлі ұлттық тәртіптің қолайсыз тұстарына нейтральді тұрғыда қабылдау, оңтайлы тұстарына қолдау көрсету халықтар арасындағы келеңсіздіктерден аман алып қалатынына ерекше мән берілген.

Талданған, жаңа философиялық дүниетанымымен зерделенген тарихи-мәдени және қазіргі 21 ғасыр басындағы ғылыми еңбектерден байқаған құндылықтарымыз Л. С. Выготскийдің, А. Н. Леонтьевтің, Р. С. Немовтың, С. Л. Рубенштейннің, Ж. Аймауытовтың, М. Жұмабаевтың еңбектеріндегі бүгінгі Қазақстан Республикасының білім жүйесіне тигізер рухани құндылықтары матрицаға салынып, суггестивті тұстары таксономия құруға нысана болып,

функционалдық сауаттылықтың генезисі айқындалып, оның семиотика, семантика, синтактика блоктарының модуль құрауына қозғаушы күш екені дәлелденді. Жалпы қазіргі мұғалімдердің қолданысындағы «функционалдық құндылықтың» туындау ғылыми генезисінің өрісінен ауытқып кетушілікті аңғару зерттеу барысында анықталды. Ал «суггестивті» тек Гештальт теориясымен ғана емес, Л. С. Выготскийдің, М. Жұмабаевтың еңбектерінде тереңнен зерттелгені бүгінгі білім жүйесіне аксиологиялық парадигманы құруға бірден-бір ғылыми негіз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Жұматаева, Е.** Жоғары мектепте оқытудың біртұтас дидактикалық жүйесінің теориясы : Оқу құралы / Е. Жұматаева. – Алматы : Эпиграф, 2016. – 260 б.

2 **Немов, Р. С.** Психология : учеб. для студ. высш. пед. учеб. заведений : В 3 кн. – 4-е изд. – М. : Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2003. – Кн. 1 : Общие основы психологии. – 688 с.

3 **Рубинштейн, С. Л.** Основы общей психологии. – СПб., 2003. – 713 с.

4 **Аймауытов, Ж.** Психология [Мәтін] / Ж. Аймауытов. – Алматы : Рауан, 1995. – 312 б.

5 **Жұмабаев, М.** Педагогика. – 3-басылым – Алматы : Ана тілі, 1992. – 160 б.

6 **Выготский, Л. С.** Психология развития человека. – М. : Изд-во Смысл; Изд-во Эксмо, 2005. – 1136 с.

7 **Выготский, Л. С.** Собрание сочинений: в 6 т. / под ред. А. М. Матюшкина. – М. : Педагогика, 1993. – Т. 3. – 368 с.

8 **Намазбаева, Ж. И.** Психология : Оқулық. – Алматы : Print-S, 2005. – 296 б.

9 **Божович, Л. И.** Личность и ее формирование в детском возрасте. – СПб. : Питер, 2008. – 400 с.

10 **Олпорт, Г. О.** Становление личности: Избранные труды. – М. : Смысл, 2002. – 462 с.

REFERENCES

1 **Jumataeva, E.** Joғary mektepte oqytýdyń birtutas didaktikalýq júiesiniń teorýasy [Theory of the unified didactic system of Higher Education] : Oqý quraly / E. Jumataeva. – Almaty : Epigraf, 2016. – 260 p.

2 **Nemov, R. S.** Psihologiya [Psychology] : ýcheb. dlia stýd. vyssh. ped. ýcheb. zavedenií : V 3 kn. – 4-e izd. – Moscow : Gýmanit. izd. tsentr VLADOS, 2003. – Kn. 1: Obie osnovy psihologii. – 688 p.

3 **Rýbmshtem, S. L.** Osnovy obei psihologii [Fundamentals of general psychology]. – St. Peterburg, 2003. – 713 p.

4 **Aimaýytov, J.** Psiqologua [Psychology] [Mátin] / J. Aimaýytov. – Almaty : Raýan, 1995. – 312 p.

5 **Jumabaev, M.** Pedagogika [Pedagogy]. – 3-basylym – Almaty : Ana tili, 1992. – 160 p.

6 **Vygotski, L. S.** Psihologua razvitiia cheloveka [Psychology of human development]. – Moscow : Izd-vo Smysl; Izd-vo Eksmo, 2005. – 1136 p.

7 **Vygotski, L. S.** Sbranie sochinenii [Collected works]: v 6 t. / pod red. A. M. Matýshkina. – Moscow : Pedagogika, 1993. – T. 3. – 368 p.

8 **Namazbaeva, J. I.** Psihologua [Psychology] : Oqýlyq. – Almaty : Print-S, 2005. – 296 p.

9 **Bojovich, L. I.** Lichnost i ee formirovanie v detskom vozraste [Personality and its formation in childhood]. – St. Peterburg : Piter, 2008. – 400 p.

10 **Olport, G. O.** Stanovlenie lichnosti [Formation of personality] : Izbrannye trýdy. – Moscow : Smysl, 2002. – 462 p.

Материал 17.03.22 баспаға түсті.

Е. Н. Дауенов¹, И. А. Комарова²

¹Торайгыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар;

²Могилевский государственный университет имени А. А. Кулешова,
Республика Беларусь, г. Могилев.

Материал поступил в редакцию 17.03.22.

МЕТОДОЛОГИЧЕСКАЯ ОСНОВА ПОСТРОЕНИЯ АКСИОЛОГИЧЕСКОЙ ПАРАДИГМЫ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ

В данной статье выявлены противоречия и несоответствия между переходом Республики Казахстан в глобальное образовательное пространство, необходимостью унификации своего социально-экономического положения с государственной компетенцией в интересах глобализации и аксиологическими основами педагогического образования и его этнопсихологическими особенностями. В ходе исследования было установлено, что проблема аксиологической парадигмы философского знания не может быть решена высшим этическим и гуманным направлениями, воспитанием в прежней

традиции. В поисках основы аксиологии в мировых научных достижениях, процветающих в педагогическом образовательном пространстве, следует обратить внимание на то, как должны учитываться характерные особенности, заложенные в обществе вторичными казахстанскими культурными традициями. Автором был проведен практический анализ отечественной и советской литературы, рассмотрены труды ученых, в данной работе учитываются специфические, национальные характерные особенности, заложенные казахстанскими культурными традициями. Проанализированные, изученные с новым философским мировоззрением историко-культурные и современные научные труды начала 21 века показывают, что духовные ценности Л. С. Выготского, А. Н. Леонтьева, Р. С. Немова, С. Л. Рубенштейна, Ж. Аймауытова, М. Жумабаева, затрагивающие систему образования Республики Казахстан, которые показаны в матрицах, суггестивные аспекты являются основой для создания таксономии, определен генезис функциональной грамотности, доказано, что она является движущей силой формирования модулей семиотики, семантики, синтаксиса. В статье раскрыта возможность достижения результата в единстве проблемных, модульных, профессионально-ориентированных технологий при дифференциации духовных ценностей из содержания образования.

Ключевые слова: аксиологическая парадигма, методология, ценность, личность с высоким духом, мировоззрение, процветание.

E. N. Dauenov¹, I. A. Komarova²

¹Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

²A. A. Kuleshov Mogilev State University,
Republic of Belarus, Mogilev.

Material received on 17.03.22.

METHODOLOGICAL BASIS FOR THE CONSTRUCTION OF AN AXIOLOGICAL PARADIGM IN THE EDUCATIONAL SPACE

This article reveals contradictions and inconsistencies between the transition of the Republic of Kazakhstan to the global educational space, the need to unify its socio-economic situation with state competence in the interests of globalization and the axiological foundations of pedagogical education and its ethnopsychological features. In the course of the study, it was found that the problem of the axiological paradigm of philosophical knowledge cannot be solved by the highest ethical and humane directions, education in the old tradition. In search of the basis of axiology in the world scientific achievements flourishing in the pedagogical educational space, attention should be paid to how the characteristic features laid down in society by secondary Kazakh cultural traditions should be taken into account. The author conducted a practical analysis of domestic and Soviet literature, reviewed the works of scientists, this work takes into account the specific, national characteristics laid down by Kazakh cultural traditions. Analyzed, studied with a new philosophical outlook, historical, cultural and modern scientific works of the beginning of the 21st century show that the spiritual values of L. S. Vygotsky, A. N. Leontiev, R. S. Nemov, S. L. Rubenstein, J. Aimauytov, M. Zhumabayev, affecting the education system of the Republic of Kazakhstan, which are shown in matrices, suggestive aspects are the basis for creating a taxonomy, the genesis of functional literacy is determined, it is proved that it is the driving force behind the formation of semiotics modules, semantics, syntax. The article reveals the possibility of achieving results in the unity of problematic, modular, professionally-oriented technologies in the differentiation of spiritual values from the content of education.

Keywords: axiological paradigm, methodology, value, personality with a high spirit, worldview, prosperity.

Теруге 17.03.2022 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,83 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,7.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3882

Сдано в набор 17.03.2022 г. Подписано в печать 31.03.2020 г.

Электронное издание

6,83 Мб RAM

Усл.п.л. 28,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3882

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

<https://vestnik-pedagogic.tou.edu.kz/>